

Кедендік алып жүру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 29 наурыз N 266 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 31 наурыз N 152 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 сәуірде тіркелді Тіркеу N 1106. Күші жойылды - Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 2001.03.30. N 149 бұйрығымен. ~V011449.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 1479 P951479_ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 63 P000063_ қаулысын орындау үшін

Бұйырамыз:

1. Қоса беріліп отырған Кедендік алып жүру ережелері бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 7 желтоқсандағы N 193-П V950144_ ;
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің "Кедендік алып жүру туралы" ҚР КК 1995 ж. 7.12 N 193-П бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар туралы" 1997 жылғы 25 шілдедегі N 191-П V970052_ бұйрықтарының күші жойылды танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (М.О.Нүкенов) заңмен белгіленген тәртіппен: осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін; бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін. 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Бірінші Вице-Министрі Р.К.Токсейітовке жүктелсін. Министр Министр Кедендік алып жүру туралы ереже 1. Жалпы ережелер
 1. Осы Ереже тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру және кедендік алып жүру үшін кедендік алымдарды төлеу тәртібін айқындайды.
Ереже "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ 1995 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленген.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру - Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды тұлғаларының (бұдан әрі - кеден наряды) тауарлар мен көлік құралдарын алып жүруі.

3. Кедендік алып жүру Кеден ісі туралы заңы мен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кедендік алып жүру туралы шешім

4. Егер тасымалдаушы Кеден ісі туралы заңның ережелерінің сақталуына кепілдік бере алмаса не кеден органында тауарлар мен көлік құралдарының тағайындалған жеріне дейін жеткізіле алмайды деп пайымдауға негізі болса кеден органы кедендік алып жүруді жүзеге асырады.

5. Кеден органының транзиттік тауарларды кедендік алып жүру туралы жөніндегі шешімі тауарларды тасымалдаушы үшін міндетті болып табылады.

6. Тасымалдаушы кедендік алып жүрумен байланысты туындаған шығыстарын кеден органдары өтемейді.

7. Кедендік алып жүру туралы шешімді жөнелтуші, алушы кеден органының басшысы не оларды алмастыратын тұлғалар қабылдайды.

8. Кедендік алып жүру мен алып жүруді тікелей ұйымдастыру туралы шешім қабылдау тауарларды тасымалдаудың кеден заңдарымен белгіленген мерзімдерін ұзартпауға тиіс.

9. Кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын алып жүруді тасымалдаушы, жөнелтуші немесе алушы Кеден ісі туралы заңына сәйкес өзіне жүктелген барлық міндеттемелерді орындайтын және кедендік алып жүру үшін кеден алымдарын төлейтін шартпен кедендік алып жүру туралы шешім қабылданғаннан кейінгі күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

10. Көлік құралы тиісті түрде жасақталған:

кеден баждары мен салықтарды төлеу тиісті сомаларды уәкілетті банктің кепілдіктері түрінде немесе Қазақстан Республикасының кеден органының депозитіне енгізумен қамтамасыз етілген жағдайда қолданылмайды.

11. Кедендік алып жүру туралы шешім қабылданған кезде:

1) тауардың сипаты мен мәртебесі;

кеден төлемдері мен салықтар салынатын тауарлар;

акцизделетін тауарлар;

әкелуге өзге мемлекеттік органдардың рұқсаты, осындай рұқсаттар (лицензия, малдәрігерлік куәлік, карантиндік сертификат және т.б.) болмау шартымен талап етілетін тауарлар;

2) тасымалдаушы туралы мәліметтер (кеден ережелерін бұрын орын алған бұзушылықтар, тауарларды, оның ішінде МДП кітапшаларын пайдаланумен

жүктердің халықаралық тасымалдаулары туралы Кеден конвенциясына сәйкес өткізілетін тауарлардың жетіспеушілік фактілері туралы) ескеріледі.

12. Тауарлар Жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кеден конвенциясына сәйкес МДП кітапшалары, 1975 пайдаланыла отырып тасымалданған жағдайда, еге бір көлік құралымен тасымалданатын тауардың кеден төлемдері мен салықтарының сомасы кепілді сомадан елу мың АҚШ долларынан асса кедендік алып жүру туралы шешім қабылданады.

3. Кедендік алып жүру үшін кеден алымдарын төлеу тәртібі

13. Кеден органы кедендік алып жүру үшін алымдарды кедендік алып жүру басталғанға дейін кедендік алып жүру туралы шешім қабылданғаннан кейін тасымалдаушыдан алады.

14. Кедендік алып жүру үшін алымдар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 120-бабына сәйкес тауарларды кедендік алып жүру жүзеге асырылатын қашықтыққа Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде алынады.

4. Кедендік алып жүру кезінде құжаттарды ресімдеу

15. Кедендік алып жүрумен тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдарын кеден органында жөнелтуші және тағайындалған кеден органында ресімдеу Кеден ісі туралы заңның талаптарына сәйкес осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

16. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру туралы шешім қабылданған жағдайда мына құжаттар міндетті түрде жасалады:

кедендік алып жүруді қабылдау туралы шешім (N 1 қосымша);

кеден нарядына жоспар-тапсырма, онда кедендік алып жүруді жүзеге асырушы инспекторлардың тегі, қарудың маркасы мен нөмірі не арнайы құралдардың атауы, қозғалыс маршруты, алып жүретін көлік құралдарының атауы мен мемлекеттік нөмірлері, тауарға ілеспе құжаттардың нөмірлері (кеден жүк мағлұмадамасының, ішкі транзит құжатының және т.б.) (N 2 қосымша);

тауарлар мен көлік құралдарын қабылдау-беру актісі (N 3 қосымша);

іссапар куәлігі;

көлік құралын қайта қарау актісі;

Сондай-ақ кедендік алып жүру үшін алымды төлеу туралы квитанцияның көшірмесі қоса тіркеледі.

17. Кедендік алып жүруді жүргізуге арналған шешім тіркеу нөмірі беріліп Кедендік алып жүруді тіркеу журналында тіркеледі. (N 4 қосымша).

18. Тауарлар мен көлік құралдарын қабылдау-беру актісі екі данада ресімделеді. Бір дана қол қойылғаннан кейін жөнелтуші кеден органында, ал екіншісі алушы кеден органында сақталады. Актіде міндетті түрде барлық бағандар толтырылады, тауарлар мен көлік құралдарын берген және қабылдаған кеден нарядының тегі мен аты-жөні көрсетіледі. Қолдар тағайындалған және жөнелткен кеден органының немесе аға нарядтардың жеке нөмірлі мөрлерімен расталады.

19. Кедендік алып жүруді жүзеге асыруды бастағанға дейін белгіленген тәртіппен қайта қарау актісі жасалып пломбыланып көлік құралын комиссиямен қайта қарау жүргізіледі.

20. іссапар куәліктері алып жүрудің барлық нарядына беріледі. Іссапар куәліктерінің бағандарын толтыру белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

21. Нұсқаулықты жүргізу нұсқаулықтың арнайы журналында көрсетіледі.

22. Тағайындалған кеден органына тауарларды жеткізуді бақылау тағайындалған кеден органына аталған құжаттар табыс етілгеннен кейін аяқталады.

5. Кедендік алып жүру тәртібі

23. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру тасымалдаушының, жөнелтушінің немесе алушының алып жүретін көлік құралында немесе кеден органының автокөлігінде жүзеге асырылады.

24. Кедендік алып жүру жөнелткен кеден органынан бастап тағайындалған кеден органына дейін үздіксіз жүзеге асырылады.

25. Алып жүретін тауарлар мен көлік құралдары тасымалдау жолында орналасқан кеден органдарында кеден нарядын ауысуымен бірге қабылдау алынған-берілген жағдайда аталған кеден органдары транзиттік мағлұмдамалардың, тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаттарының және кеден құжаттарының барлық беттерінде тауарларды жеткізудің белгіленген ережелеріне сәйкес белгілер қояды.

26. Алып жүретін көлік құралдарының кеден нарядын ауыстыру қабылдау-беру актісі міндетті түрде жасалып және кедендік алып жүру туралы жаңа шешім қабылдаумен кедендік алып жүру бекеттерінде ғана жүзеге асырылады. Кедендік алып жүру бекеттерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті белгілейді.

27. Авария немесе тежеусіз күш әрекеті кезінде кеден наряды тасымалдаушыға оның міндеттемелерін орындауға жәрдемдеседі. Көлік оқиғасы туралы хаттама аға кеден нарядының қатысуымен жасалады.

6. Тауарларды тасымалдау кезінде кедендік алып жүрудің ерекшеліктері

28. Көлік құралдарымен тасымалданатын тауарларды кедендік алып жүру кезінде тасымалдау жағдайлары мен тауардың сипатына байланысты бір кеден наряды 10 аспайтын автокөлік құралын алып жүреді.

Кеден нарядының жеке құрамы бас және соңғы жол-көлік құралында орналасады. Колонна тоқтаған кезде кеден наряды қарулы күзеттің екі жағын бақылайды.

29. Көлік құралдарының бірі ақаулы болған кезде жөндеу аяқталғанға дейін бүкіл колонна кідіреді. Аварияның немесе көлік құралының бұзылуы салдарынан тауар басқа көлік құралына қайта тиелген кезде көлік құралының жүк бөлігіне мүмкіндікке орай пломба салынады. Бұл ретте кеден наряды тауардың басқа көлік құралына қайта тиелгені туралы екі данада акт жасайды, онда тауарды қайта тиеу себептері, тауардың мөлшері мен басқа да ерекшеліктері, ескі және жаңа пломбының нөмірлері көрсетіледі. Пломба салу мүмкіндігінің болмауы актіде көрсетіледі. Актіге аға кеден наряды мен тасымалдаушы қол қояды. Актінің екінші данасы тағайындалған кеден органына табыс етіледі.

30. Адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпті болып табылатын тауарларды (химикаттарды, радиоактивтік және жарылғыш заттарды және т.б.) кедендік алып жүру жағдайында кедендік алып жүру жеке көлік құралында күшейтілген кеден нарядымен жүзеге асырылады.

7. Кедендік алып жүру кезінде тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері

31. Тасымалдаушының:

кедендік алып жүруді жүзеге асыру үшін, осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген құжаттармен танысуға;

тауарлар мен көлік құралын кедендік алып жүру туралы кеден органының шешімімен келіспеген жағдайда, жоғары сатыдағы кеден органына немесе сотқа шағымдануға құқығы бар.

32. Тасымалдаушы:

- кеден органы белгілеген орынға тауарларды тасымалдаудың қалыпты жағдайларын қамтамасыз етуге;

- жөнелтуші кеден органы белгілеген транзиттік және жеткізілетін тауарларды тасымалдаудың мерзімдері мен қозғалыс маршрутын сақтауға;

- авария немесе тежеусіз күш әрекеті кезінде тауарлардың сақталуын және оларды қалай да пайдалануына жол бермеуді қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қолдануға;

- кедендік алып жүруді жүзеге асыру үшін кеден нарядына қажетті жағдайлар мен жеке орындар беруге және қызметтік міндеттерді орындауда оған жәрдем көрсетуге міндетті.

8. Кедендік алып жүру кезінде кеден нарядының құқықтары мен міндеттері

33. Кеден нарядын аға наряд басқарады. Егер кеден наряды бір адамнан тұратын болса, ол біруақытта аға кеден наряды болып табылады. Аға кеден наряды мен оның жеке құрамы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасының Заңы мен осы Ережеде белгіленген өзінің міндеттерін мүлтіксіз орындауға тиіс.

34. Кеден наряды аталған тауарларды тағайындалған кеден органына жай-күйін өзгертпей белгіленген мерзімдерде және белгіленген маршруттармен жеткізуді қамтамасыз ету үшін транзиттік және тасымалданатын тауарларды бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

35. Аға кеден наряды:

кеден нарядының жеке құрамын кедендік алып жүру тәртібі туралы, сондай-ақ тауарларды кедендік алып жүру кезіндегі олардың құқықтары мен міндеттері туралы нұсқаулық өткізуге;

тауарларды тасымалдау маршрутының ерекшеліктерін зерттеуге, маршруттағы ықтимал жағдайларды болжауға және тұтқиыл жағдайлар туындаған кезде нарядтың жеке құрамының іс-қимыл тәртібін айқындауға;

кедендік алып жүру уақытында кеден нарядының жеке құрамының орналасу орнын және тасымалданатын тауарларға қадағалау жүргізу тәртібін айқындауға;

кедендік алып жүру кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге;

кеден нарядының жеке құрамының экипировкасын, оның байланыс құралдарымен жарақтандырылуын тексеруге;

кедендік алып жүрумен тауарларды тасымалдау кезінде кеден заңдарының сақталуына жалпы бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

36. Кеден нарядының жеке құрамы кедендік алып жүру кезінде:

алып жүретін тауарлар мен көлік құралдарын қадағалауды жүргізуге;

көлік құралдарының жүк бөлімшелеріне салынған кедендік қамтамасыз ету құралдарының жағдайын, сондай-ақ тасымалданатын тауарларды бірдейлендірудің басқа құралдарын тексеруге;

қолдануға тұрақты түрде даяр қару мен арнайы құралдар болуға;

қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға;
алып жүретін көлік құралдарында бөгде адамдардың жүруіне жол бермеуге міндетті.

37. Кеден наряды кедендік алып жүруді жүзеге асырған кезде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ережелерге сәйкес жеке күшін, арнайы құралдар мен атыс құралдарын қолдануға құқылы.

38. Адам өміріне қауіп, транзиттік және тасымалданатын тауарлардың жойылуына немесе жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін тежеусіз күш әрекеті туындаған жағдайларда кеден нарядының жеке құрамы зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету, кедендік алып жүруге барлық қатысушылардың өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын, аталған тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.

39. Кедендік алып жүру нарядын басқа бақылаушы органдар ұстаған кезде аға кеден наряды жөнелткен кеденге және тағайындаған кеденге арнайы хабарламаны дереу жібереді. Хабарламада нарядты ұстаған орган туралы нақты деректер, ұстау себептері, лауазымды тұлғалардың тегі болуға тиіс. Кеден бақылауындағы тауарларды жөнелткен кеден басшылығының нұсқауларын алғанға дейін кеден наряд күзетеді.

9. Кеден нарядын қалыптастыру

40. Кеден наряды көлік құралдарының саны мен тасымалдау жағдайларына, тасымалданатын тауарлардың сипатына, сондай-ақ нарядтың құрамына әсер етуі мүмкін басқа да факторларға орай қалыптастырады.

41. Кеден нарядының жеке құрамын атыс құралдарымен, арнайы құралдармен және қорғаныстың жеке құралдарымен жарақтандыруды алып жүру маршрутындағы жедел жағдайға байланысты айқындалады.

42. Кедендік алып жүру нарядында:

осы Ереженің 16-тармағында аталған қажетті құжаттар;
пломбылайтын қондырғы;

қажет жағдайда - екі жаққа жүру жолына арналған азық-түлік немесе азық-түлік-жолдық ақша, тамақ ішуге және оны даярлауға, сондай-ақ ауыз суды сақтауға арналған ыдыс аяқ, пост киімінің жинақтары, жолда бір тәуліктен астам болған кезде нарядтың барлық құрамына арналған төсек орын, медициналық аптечка, ракетницалар, дабыл беретін қызыл жалаушалар мен қызыл түсті жарық сүзгілі шамдар, байланыс құралдары болуға тиіс.

43. Егер тауарлар мен көлік құралдарын тағайындалған кеден органы кедендік алып жүрген жағдайда мұндай наряд осындай шешім қабылданып

келісілгеннен кейін барынша қысқа мерзімдерде жөнелтуші кеден органына келіп кедендік алып жүру жөніндегі өзінің міндеттерін орындауға кірісуге міндетті. Жөнелтуші кеден органы кеден нарядын қарсы алуды және нұсқаулық өткізуді ұйымдастыруға тиіс. 44. Кеден нарядын жіберер алдында нарядқа нұсқаулық өткізіледі, нарядтың денсаулық жағдайы, жасақталуы, қызметтік міндеттерін білуі, қару мен арнайы құралдардың жай-күйі тексеріледі. Кеден наряды кедендік алып жүруді белгіленген үлгідегі нысанды киім киіп жүзеге асырады. Кедендік алып жүру Ережелеріне 1 қосымша Кедендік алып жүру туралы шешім 2000 жылғы " __ " _____ (жасалған орны) _____

_____ кеден
органының лауазымды тұлғасы _____

_____ қарап БЕЛГІЛЕДІ: _____

_____ Жоғарыда
айтылғанның негізінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы"
Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Кеден
комитетінің N ____ бұйрығын (күні, бұйрықтың нөмірі), басшылыққа ала отырып
ШЕШТІ: 1. _____

_____ 2. _____

_____ (лауазымды тұлғаның қолы)

Шешіммен таныстым: _____

Тегі, күні, қолы

Кедендік алып жүру

Ережелеріне 2 қосымша

БЕКІТЕМІН:

Аумақтық кеден органының бастығы Тегі, аты, әкесінің аты _____
_ 200_ жылғы " _____

N _____ ЖОСПАР-ТАПСЫРМА

1. Кеден нарядының құрамы: _____

2. Қару-жарақ, арнайы құралдар _____

3. Жұмыс уақыты 200_ жылғы "___ бастап 200_ жылғы "___ ң дейін

4. Кеден нарядының қозғалыс маршруты _____

5. Іссапар тапсырмасы _____

(Кедендік алып жүру қызметінің бастығы) Тегі, аты, әкесінің аты

Кедендік алып жүру

Ережелеріне 3 қосымша

Кедендік алып жүруді қабылдау-беру актісі

_____ 2000 жылғы "___" (елді мекеннің атауы) _____

_____ (көлік құралының атауы, мем. нөмірі N _____)

_____ ілеспе тауар құжаттары
бар _____

_____ (КЖМ, УКМ, ілеспе құжаттардың NN) тасымалданатын тауарды (көлік құралын) кедендік алып жүруді тапсырған _____

_____ аға наряд (кеден органының атауы, тегі, лауазымы) ал қабылдаған _____ аға наряд (кеден

органының атауы, тегі, лауазымы) Тауар (көлік құралы) өзгеріссіз жағдайда, жүк бөліктері N _____ пломба салынды. Қосымша N _____

_____ пломба салынды Аға наряд _____

_____ (кеден органының атауы, (жеке нөмірлі мөрі, лауазымы, тегі) қолы)

Аға наряд _____ (кеден

органының атауы, (жеке нөмірлі мөрі, лауазымы, тегі) қолы) Кедендік алып жүру

Ережелеріне N 4 қосымша -----

----- N ! Кедендік алып ! Күні ! Алып жүрген ! Тауардың атауы, ! Төлем құжаты.

! жүру туралы ! !автокөліктің ! көлемі ! ның нөмірі !шешімінің нөмірі! !

мемлекеттік ! ! ! ! ! нөмірі ! ! -----

----- таблицаның жалғасы: -----

----- Жөнелтушінің !Алушының деректері ! Тағайындалған ! Аға ! Тауарлар

мен деректері !(мекен-жайы, атауы,! кеден органы ! наряд !көлік құралда. (

мекен-жайы, !есеп шотының нөмірі! ! (тегі) !рын кедендік атауы, есеп ! мен т.б.)

! ! !алып жүруге шотының нөмірі! ! ! !қабылдап алдым мен т.б.) ! ! ! ! (аға

нарядтың ! ! ! !қолы) -----

Журнал істер номенклатурасында тіркелуге, жіп өткізіп тігінделуге, нөмірленуге және кеден органының мөрімен мөрленуге тиіс. Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК